

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ КЕЛБЕТІ (Нархоз университеті студенттерінің мысалында)

Н.Қ.Қабылбаева, А.Ш.Жамашев, К.К.Бегалинова

АНДАТПА

Жастар – мемлекеттің кепілі, жас ерекшелігіне ие үлкен топ, бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, икемділік, мобильділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты. Қазіргі таңда қоғамдағы діни құндылықтар мен сенімдер қазақ жастардың рухани дамуына маңызды әсер етіп отыр. Қоғамда дінге бет бұрушы жастар саны артқан сайын дін мәселесі, оның ішінде діни сауаттылық мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Себебі діни сауаттылық дегеніміз ұлттық қауіпсіздік мәселесімен тікелей байланысты. Елдің болашағы мен бүгінгі жастардың қолында десек, жастар мәселесі бүкіл қоғамның мәселесі. Бұл ғылыми мақала қазіргі қазақ жастары арасындағы ислам дінінің келбетін, әсіресе Нархоз университеті студенттерінің мысалында зерттеу мақсатында жазылған. Жұмыстың негізгі міндеті – жастардың діни сауаттылық деңгейін анықтап, өмірлік ұстанымдары мен исламға деген көзқарастарын талдап, оның қазіргі қоғамдағы орнын айшықтау. Зерттеу барысында студенттердің исламға қатысты білім деңгейі, діни тәжірибелері, құлшылыққа деген қатынастары мен діннің өмірлеріне ықпалы қарастырылады. Зерттеу әдістері ретінде сауалнама, сипаттамалық талдау, мазмұндық талдау, салыстырмалы талдау әдістері мен эмпирикалық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері қолданылды. Нархоз университетінің студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жастардың ислам дінін қалай түсінетіні мен оның өмірде қандай рөл атқаратыны жөнінде ақпарат береді. Зерттеу барысында студенттердің көпшілігі исламның негіздері мен парыздарын біледі, бірақ олардың діни тәжірибесі әртүрлі деңгейде екенін көрсетті. Осыған орай, діни білімді арттыру мен исламның рухани аспектілерін терең түсіну қажет екендігі анықталды. Мақалада сондай-ақ діни сауаттылықтың жастар арасында өсіп келе жатқанын және мұның қоғамдағы толеранттылық пен бірлікті нығайтуға ықпалы бар екендігі талқыланады. Қорытындыда ислам дінінің қазіргі қазақ қоғамындағы мәдени және әлеуметтік ықпалының маңызды екендігі атап өтілді.

Түйін сөздер: жастар, құндылық, білім, ислам, мемлекет, сауаттылық, қоғам, ғылым.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Қабылбаева Н.Қ.,
nur_2493@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Қабылбаева Н.Қ.,
Жамашев А.Ш.,
Бегалинова К.К., Қазіргі қазақ жастары арасындағы ислам келбеті (Нархоз университеті студенттерінің мысалында) // Адам әлемі. – 2025. – №2 (103). – Б. 147-155.

Образ ислама среди современной казахской молодежи (на примере студентов Нархозского университета)

Аннотация. Молодежь является залогом государства, большой возрастной группой, одновременно объектом и субъектом экономического, научно-технического, социального, политического, культурного и духовного развития всего общества. С одной стороны, это связано с тем, что они составляют большинство населения по численности, а с другой стороны, связано с качествами молодежи-амбициозной, творческой, гибкой, мобильной, креативной, инновационной. Сегодня религиозные ценности и убеждения в обществе оказывают важное влияние на духовное развитие казахской молодежи. Поскольку в обществе увеличивается количество молодых людей, обращавшихся к религии, вопрос религии, в том числе вопрос религиозной грамотности, стал одной из актуальных тем. Потому что религиозная грамотность напрямую связана с вопросом национальной безопасности. Если мы говорим, что будущее и настоящее страны в руках молодежи, то проблема молодежи – это проблема всего общества. Данная научная статья написана с целью изучения появления ислама среди современной казахской молодежи, особенно на примере студентов университета Нархоз. Основная задача работы – определить уровень религиозной грамотности молодежи, проанализировать их жизненные позиции и отношение к исламу, выявить его место в современном обществе. В ходе исследования рассматривается уровень знаний студентов об исламе, их религиозный опыт, их отношение к богослужению и влияние религии на их жизнь. В качестве методов исследования использовались опрос, описательный анализ, контент-анализ, методы сравнительного анализа, а также методы эмпирического и структурно-функционального анализа. Результаты опроса, проведенного среди студентов Университета Нархоз, дают информацию о том, как молодые люди понимают ислам и какую роль он играет в их жизни. Исследование показало, что большинство студентов знают основы и обязанности ислама, но их религиозный опыт находится на разном уровне. В связи с этим было определено, что необходимо

повысить религиозные знания и глубоко понять духовные аспекты ислама. В статье также обсуждается рост религиозной грамотности среди молодежи и то, как это влияет на укрепление толерантности и единства в обществе. В заключении было отмечено, что культурное и социальное влияние ислама в современном казахском обществе важно.

Ключевые слова: молодежь, ценности, образование, ислам, государство, грамотность, общество, наука

The Image of Islam Among Modern Kazakh Youth (on the Example of Students of Narxoz University)

Abstract. Young people are the guarantee of the state, a large age group, and at the same time the object and subject of economic, scientific, social, political, cultural and spiritual development of the whole society. On the one hand, this is due to the fact that they constitute the majority of the population in terms of numbers, and on the other hand, it is due to the qualities of young people - ambitious, creative, flexible, mobile, creative, innovative. Today, religious values and beliefs in society have an important impact on the spiritual development of Kazakh youth. Since the number of young people turning to religion in society is increasing, the issue of religion, including the issue of religious literacy, has become one of the pressing issues. This scientific article was written to study the emergence of Islam among modern Kazakh youth, especially on the example of students of Narxoz University. The main objective of the work is to determine the level of religious literacy of young people, analyze their life positions and attitudes towards Islam, and find out its place in modern society. The study examines the level of students' knowledge about Islam, their religious experience, their attitude towards worship and the influence of religion on their lives. The research methods used were survey, descriptive analysis, content analysis, comparative analysis methods, as well as empirical and structural-functional analysis methods. The results of the survey conducted among students of Narxoz University provide information on how young people understand Islam and what role it plays in their lives. The article also discusses the growth of religious literacy among young people and how this affects the strengthening of tolerance and unity in society. In conclusion, it was noted that the cultural and social influence of Islam in modern Kazakh society is important.

Key words: Youth, Value, Education, Islam, State, Literacy, Society, Science.

Kіpіcne

Ғылыми техника шарықтаған, мобилді коммуникациялар заманында өркениетті қоғам мен жетілген адамды қалыптастырудың басты құралы - дін. Дінсіз қоғам, дінсіз мемлекет, дінсіз адам - адамгершіліктің, дамудың, өркениеттің кемел шыңына шыға алмайтындығы да сан ғасырлар бойына айтылып келеді. Себебі дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухтандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани азықтардың бірі ретінде қызмет көрсетеді [1, 369 б.]. Қазақ қоғамының тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі ислам дінінің рөлі айтарлықтай жоғарғы деңгейде. Ислам дінінің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде жастардың діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Жастар – мемлекеттің кепілі, қоғамның қалыпты қызмет атқаруы үшін қажет ашық, жас ерекшелігіне ие үлкен топ, бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, икемділік, мобильділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты. Бүгінде еліміздегі жастар қауымының үлесі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2024 жылы жүргізген санақ нәтижесіне сүйенсек 6 миллионға жуықтаған. Ол еліміздің халқының 3/1 бөлігін қамтиды [2]. Заман талабына қарай адамы демекші, қазіргі жастардың қызығушылықтары, талғамдары мен қалаулары да, құндылықтары мен ой-пікірлері

де ерекшелінеді. Ғылыми технология дамыған заман өкілдері уақытты тиімді пайдалануды, әрбір мүмкіндіктерді жібермей, өздерін жан-жақты салаларда қорықпай сынап көруді тоқтатпауы керек. Дәл осы жастардың қазіргі таңда өмір-салты мен қызығушылықтары алуан түрлі, жан-жақты, мәдениет, білім мен ғылым, спорт пен әлемдік түрлі жарыстардан қалыс қалып жатқан жоқ. Оған дәлел ретінде спортшыларымыздың кеше ғана өткен Универсиада, осы текті шахмат, теннис, кәсіби бокс, IT саласындағы жетістіктер, халықаралық білім мен ән-би байқауларынан дағы жетістіктерін айтуға болады. Бүгінгі жастар үшін әуелі білім, өзін-өзі табу әрі дамыту, саяхаттау, отбасылық құндылықтарға жауаптылық және индивидтік миссиясын алып шығу приоритеттері алдыңғы шепте болуы керек. Жастарда ақпарат мүмкіндіктері бар, олар әлемдегі үдерістерден хабардар. Жастар арасында жеке кәсіпкерлер өте көп, шет ел асып білімдері мен кәсіби деңгейлерін шыңдап жатқандары қаншама. Дәстүрлі дінімізге бет бұрып, сауаттылықтарын арттыруда, түрлі жаңа технологияларды тез меңгеріп, жаңашылдыққа, жаңалықтар мен тың идеяларға серпін беруде. Мемлекетіміз жастарды қолдауға басымдық беріп, осы бағытта көптеген шараны жүзеге асыруда. Әсіресе, соңғы уақытта ел жастарына көңіл бөлу, оларды барынша жан-жақты қолдау ісі ерекше қарқын алды. Мұның басты айғағы ретінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2019 жылдың Жастар жылы деп жариялануын, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бағытта берген тапсырмалары шеңберінде нақты, жүйелі шаралар қабылданып, жүзеге асырылуын айтуға болады. Мектеп және ЖОО-ны жастарының сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында білім мекемелері тарапынан музей және көрмелерге баруын

ұйымдастырып, жастардың тарихқа, ұлттық мәдениетке, дәстүрге қызығушылығын ояту, жастар арасында кітап оқуды, кітапханалар мен театрларға баруына, жаңадан жарық көрген кітаптардың кеңінен насихатталуына жағдай жасалуда [3, 107-111 бб.].

Нарықтық жағдайда құндылық туралы түсініктер мен бағыттар өзара үйлесе бермейді, сол алшақтық белгілі бір деңгейде жастар арасында да құлдырауға тап болғандығы да шындық. Мұның басты себебі ретінде, жастардың өркениеттілік, мәдениеттілік тұрғысынан өзіндік үлгісінің ауытқушылығы деуге болады. Сонымен бірге, дәстүрлі дініміз бен төл мәдениетіміз, құндылықтарымыздың негізін құрайтын салалардың әлсіреуі, ұлттығымызға жат әрекеттердің кеңінен таралуына түрткі болуда. Еліміздегі ұлтаралық, дінаралық, конфессияаралық тұрақтылық пен төзімділікті сақтап қалуда барынша маңызды мәселелердің қатарына жатады. Жастардың бойында мейірімділік, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету үлгісін қалыптастыру мұсылмандықтың шарты болса, Отан сүйгіштік, қоғамдық жауапкершілікті сезіну, басқаның сезімі мен сенімін сыйлау барлығы имандылықтың белгісі болып табылады [4, 11 б.]. Сол себепті, жастар мәселесі бүкіл қоғамның мәселесі. Қоғам сәйкесті жастар типін қалыптастырса, сәйкесінше, жастар қоғам үрдісі мен болашағын айқындайды. Қоғамның жастар мәселесіне алаңдаушылығы жас адамның әлеуетінің (оның интеллектуалы, руханилығы, білімділігі, ұлттық менталитеті, отан сүйгіштігі және т.с.с.) дамуына жағдайлар жасау, сондай-ақ, салиқалы гуманды (адамсүйгіштік) жастар саясатын жүргізіп отырғандығын білдіреді. Жастардың рухани санасын оятуда діннің алар орны ерекше екенін, әсіресе жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде ислам ілімінің қағидаларына сүйенуді қазіргі мұсылмандықты дәріптеуші ғалымдардың орны ерекше. Қазақ қоғамы жастарға діни білім беру мен діни санасын қалыптастыру барысында Абайдың мұраларынан алары мол. Ойшыл Абай діни сана қалыптастыруға, діни адам тәрбиелеуге және де адамгершілікті адам, толық адам тәрбиелеуге талпынған тұлға. Абайдың ойындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды, дінмен жетіледі. Өз дәрежесінде Абай ислам діні мен философиясындағы адам ілімін жетілдіруші, жаңа сапаға көтеруші, өзінің қара сөздерінде алдымен қазақ қоғамындағы толық адамның моделін, одан шыға ислам дініндегі кемел адам келбетін, сондай-ақ кең мағынадағы барша адамзатқа ортақ толық адам моделін ұсынады. Сонымен қатар 38-қара сөзіндегі діни сауаттылық туралы ой-пайымдарын дінтанулық-теологиялық талдау ұлттық діни таным тұрғысынан өзекті [5, 29 б.].

Қоғамда дінге бет бұрушылар саны жылдан-жылға артқан сайын дін мәселесі, оның ішінде діни сауаттылық мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Себебі діни сауаттылық

дегеніміз ұлттық қауіпсіздік мәселесімен тікелей байланысты. Діни сауаттылықтың маңызы – бұл тек діни білім мен сенімдерді білуден ғана емес, сондай-ақ діннің қоғамдағы рөлі мен оның моральдық және этикалық құндылықтары туралы түсінікке ие болуды білдіреді. Қазіргі қоғамдағы жастардың діни сауаттылығы маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады. Әсіресе, Қазақстан сияқты көпұлтты және көпконфессиялы елде жастардың дін туралы білімінің деңгейі қоғамдағы діни төзімділік пен тыныштықты қамтамасыз ету үшін үлкен рөл атқарады. Жастардың діни сауаттылығы, әсіресе исламды дұрыс түсіну мен ұстану олардың рухани дамуына және тұлғалық өсуіне әсер етеді. Сонымен қатар, діни сауаттылық жастарға заманауи әлемдегі әртүрлі діни көзқарастармен келісімде өмір сүруге көмектеседі. Діни сауаттылықтың жоғары деңгейі жастарға өз дінін түсініп, құрметтеу, сондай-ақ басқа діндерге деген төзімділікпен қарау қабілетін береді. Ал діни сауаттылықтың төмен деңгейі, керісінше, діндер арасындағы қақтығыстар мен түсініспеушіліктерді туындатуы мүмкін [6, 13 б.]. Адам діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасып, кемелдену құбылысы жүзеге асады. Осыған орай жастарымыздың рухани-мәдени сауаттылығына мән беріп, олардың дінді түсініп қабылдау деңгейлерін зерттеп шыққан қорытындыға қарай жастармен етене жұмыс жасау керек [7, 110 б.]. Себебі, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Олардың діни дүниетанымы мен ұстанымдары қоғамның жарқын болашағын қамтамасыз етуде елеулі үлес қосады. Сонымен қатар жастардың діни сауаттары мен қызығушылықтары, жүріс-тұрыстары, мінез-құлықтары, рухани және мәдени құндылықтары, жастардың пікірлері мен көзқарастары, белсенділіктері негіз болады. Соңғы уақытта діни сауаттылық мәселесі тек қана дінтанушы ғалымдар емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық ғылым өкілдерінің назарын өзіне аударып отырған маңызды мәселелердің бірі. Бұл тақырып сонымен қатар исламтану, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, педагогика және т.б. ғылымдардың қызығушылығын арттыруда. Себебі ел дамуы тек оның экономикалық жетістіктерімен айқындалады десек қателесеміз. Өйткені, ұлт пен ұлыстың, жалпы біртұтас елдің табиғи дамуының бірден-бір көзі – сенім мен рухани құндылық екендігін адамзат әлдеқашан мойындаған. Рухани азғындық тығырығынан шығынсыз шығудың көзін табуда болашақ ұрпақ, қазіргі жас буынды жалпы адамзат құндылықтарын қастерлеумен қоса, олардың өз еліне, дініне, ұлтына, салт-дәстүріне деген патриоттық сезімін арттырып, осы бағытта тәрбиелеудің маңызы зор [8].

Философия ғылымдарының докторы, профессор А.Р. Масалимова мен Қ.М.

Борбасованың «Жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудағы діннің рөлі» атты мақаласында жастар арасындағы дін мәселесі мемлекет пен қоғамдық ұйымдардан басқа отбасы, ата-аналардың да қатысуын қажет ететіндігі де айтылады [9, 100-103 бб.]. Жастардың құндылықтарының қалыптасуына қатысты ислами зерттеулер кеңінен қарастырылмаған. Жастардың құндылық бағдарларына ислам діні феномендерінің тигізетін ықпалын айқындау, соның негізінде қалыптасқан діни сауат жүйесін айшықтау мақаланың мойнындағы міндеті. Қазіргі Қазақстанның өркениет жолымен үздіксіз алға жылжуының басты кепілдерінің бірі – бүгінгі жастармен жұмыс жүргізіп, олардың дәстүрлі-діни сауатын арттырып, шынайы патриоттық сезімін нығайту.

Әдіснама

Қазіргі таңға дейін көптеген ғалымдар жастар арасындағы діннің көрінісін тақырыптық тұрғыдан талдап, зерттеп келеді. Осы тұста қазақ және шетел ғалымдары мен ағартушыларының осы тақырып аясында айтылған ғылыми пікірлері мен еңбектері зерттеу материалдары ретінде қарастырылды. Бұл зерттеу жұмысы қазіргі қазақ жастарының арасындағы ислам келбетін талдау мақсатында кешенді, көпжақты әдіснаманы қолданады. Нархоз университетінің студенттерінің тәжірибесі мен көзқарастарын зерттеу үшін сауалнама жүргізілді, оның мақсаты жастардың исламға деген қатынасын, діни білім деңгейін, діни практикаларын және заманауи қоғамдағы исламның орны туралы көзқарастарын анықтау болды. Сауалнама сұрақтары студент жастардың арасындағы ислам дінінің жалпы көрінісін анықтау мақсатында сенім мен құлшылық, сопылық пен тазалық, пайғамбарлар мен ислам тарихындағы өзге де өзекті тақырыптар бойынша сауалнама жүргізіліп нәтижесі осы тақырыптың кеңінен ашылуына мұрындық болды. Сауалнамадан алынған деректер статистикалық тұрғыдан өңделіп, студенттердің діни көзқарастары мен іс-әрекеттері арасындағы байланыс зерттелді. Бұл деректер қоғамдық тенденцияларды анықтауға, жастардың діни қатынасының нақты көрінісін алуға мүмкіндік берді. Әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар зерттеу жұмысын тереңдетуге және жастар арасындағы ислам діні келбетін толыққанды ашуға ықпал етті. Мақаланы дайындау барысында зерттеу жұмысының методологиялық негізіне сипаттамалық талдау, мазмұндық талдау, салыстырмалы талдау әдістері мен эмпирикалық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысы қолданған әдіснамалық тәсілдер қазіргі қазақ жастарындағы ислам келбетінің әлеуметтік, мәдени және діни аспектілерін жан-жақты талдауға және қоғамдағы діни өзгерістерді түсінуге мүмкіндік береді.

Жастардың діни сауаттылық деңгейі

Қазақ даласына ислам дінінің келуі мен тарихы, діни сенім мен құлшылық, сопылық пен тазалық және т.б. тақырыптарды қамти отырып жастардың діни сауатын тәжірибе негізінде анализдеу мақсатында Алматы қаласындағы Нархоз университеті студенттерінің арасында тест-сұрақтары алынды. Бұл сауалнаманың жүргізілу мақсаты студенттердің діни сауаты деңгейін анықтау мен олардың көзқарасындағы ислам діні көрінісін айшықтау болып табылады. Сол сияқты жастар сеніміндегі қандай да бір мәселелер айқындалып, келешекте сол олқылықтармен жұмыс жасау керектігін айшықтап, көрсетіп береді.

2024 жылғы мәлімет бойынша Нархоз университетінде жалпы саны 8760 студент білім алуда, оның 100 студенті (58 әйел адам, 42 ер адам) сұрақ-жауапқа қатысты [10]. ЖОО-да республиканың әр өңірінен келген студенттер білім алғандықтан сұрақ-жауапқа барлық аймақ жастары қамтылды. Сауалнамаға қатысқан 100 студенттің барлығы 18 бен 25 жас аралығындағы жастардан жабық форматта өтті. Жалпы саны 20 сұрақтан тұратын сауалнама сұрақтары жауап алу нәтижесі қарай «жоғары, орташа және төмен» деп 3 деңгейге топтастырылды. Ең жоғары нәтижені көрсеткен сұрақтар: «Қазақ жеріндегі сопылық бағыттың негізін қалаған кім?» (2-сурет), «Оразаның уақыты» (5-сурет), «Құран қай сүремен басталады?» (14-сурет), «Алланың неше есімі бар» (18-сурет), «Уақыты кірмей оқылған намаз қалай аталады?» (19-сурет), сұрақтарына өте жақсы бағамен 60%-дан жоғарысы дұрыс жауап берген, студенттердің жоғары нәтиже көрсетуі олардың мектеп қабырғасында дінтану және тарих пәндерінен алған жүйелі білімдерінің нәтижесі екендігін көрсетеді. Тарих пен дінтану пәндерін оқу арқылы жастар тек өткенді ғана емес, сонымен қатар қазіргі жағдайды да дұрыс бағалап, болашаққа дұрыс бағдар ұстана алады. Әсіресе, қоғамның жас буыны үшін ұлттық тарихты білу және оны мақтан тұту маңызды. Бұл білім оларды әлемдік өркениетпен байланыс орнатып, ұлттық құндылықтарды сақтауға мүмкіндік береді. Өткен тарихтан жастар сабақ алып, жетістіктерді одан әрі жалғастыруға тырысады. Осылайша, ұлттық намыс пен рухты көтеру арқылы еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға қабілетті болады. Бұл тұжырым білім беру жүйесінің маңыздылығын көрсетеді. Мектептердегі тарих және дінтану пәндері тек білім беріп қана қоймай, жастарды өз елінің тарихын, мәдениетін құрметтеуге, сонымен қатар сол білімді әлемдік деңгейде дұрыс қолдануға үйретеді. Сондықтан, жоғары нәтиже-лер тек академиялық білімнің жетістігі емес, сонымен қатар қоғамның, ұлттың рухани және мәдени деңгейінің артқанының дәлелі [11, 11 б.].

Орташа деңгейлі нәтиже көрсеткен сұрақтар: «Ислам» сөзі қандай мағына білдіреді? (1-сурет), «Адамдар сенім тұрғысынан қаншаға бөлінеді?» (4-сурет), «Алланың соңғы елшісіне (с.а.с.) неше

жасында пайғамбарлық берілді?» (6-сурет), «Ислам діні қай ғасырда пайда болды?» (8-сурет), «Ислам тарихында алғаш салынған мешіт қалай аталады?» (10-сурет), «Құран кәрімді тұңғыш қазақ тіліне аударған?» (11-сурет), «Орта Азияға (қазақ жеріне) Ислам дінінің келуі қай мемлекет тұсында орын алды?» (15-сурет), «Әйгілі төрт Халифа кімдер?» (16-сурет), «Құран кәрім қай халифаның кезінде кітап болып жиналды?» (20-сурет) сұрақтарына респонденттер 40-59% аралығындағы яғни орташа деңгейде дұрыс жауап берді, бұл олардың діни сауаты әлі толық жетілдірілмегенін, діни сауатын арттыру үшін қосымша ресурстар мен мүмкіндіктерге мұқтаж екенін білдіреді, десек те белгілі бір деңгейде дұрыс ақпарат алғанын көрсетеді. Қоғам жастарының діни сауатын арттыру мақсатында сұранысқа сай діни кітаптардың қолданылуының, қоғам жастарының мешіттерге жиі барып, құлшылыққа бет бұруы негізіндегі көрсеткіш. Бұл аспектілер діни білім беру үшін сұранысқа сай кітаптардың маңыздылығын көрсетті. Яғни, қоғамдағы жастардың діни сауатын арттыру үшін, олардың қызығушылығына және қажеттіліктеріне сай, түсінікті әрі қолжетімді діни әдебиеттердің көптеп басылуы қажет. Мұндай кітаптар жастарға дін туралы негізгі түсініктерді, діни рәсімдер мен құндылықтарды үйретеді. Осылайша, діни әдебиеттердің таралуы жастардың діни сауаттылығын арттырып, олардың дұрыс әрі терең білім алуларына мүмкіндік береді. Жастардың мешіттерге жиі барып, құлшылыққа бет бұруы - олардың діни білімін толықтырудың тағы бір маңызды көзі. Мешіттерде тек діни рәсімдер орындалып қана қоймай, сондай-ақ уағыздар, дәрістер мен діни білім беретін шаралар ұйымдастырылады. Бұл жастардың исламның негіздері мен құндылықтарын тереңірек түсінулеріне және дінге деген қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді. Құлшылыққа бет бұру арқылы жастар діни өмір салтын ұстанып, білімін


тәжірибеде жетілдіреді [12, 29 б.]. Бұл жағдайда діни кітаптардың қолданылуы мен мешіттерге барудың арқасында жастардың дін туралы білімдері жетіле түседі. Сонымен қатар, жастардың діни құндылықтарды меңгеруге және оларды өмірде қолдануға деген ұмтылысы болашақта осы көрсеткіштің жақсаруына әкеледі.

Ал соңғы төмен көрсеткішті «Пайғамбарымыз (с.а.с.) қай жылы қайтыс болды?» (3-сурет), «Әлем бойынша ислам дінін ұстанушылар саны?» (7-сурет), «Қазақ даласындағы сопылық бағыт өкілдерін көрсетіңіз?» (9-сурет), «Қажылықтың парыздарының бірі?» (12-сурет), «Намаздың парыздарын көрсетіңіз?» (13-сурет), «Құранда неше сүре және пара (жүз) бар?» (17-сурет) сұрақтарына респонденттердің тек 30-39% аралығындағылар дұрыс жауап бере алды. Бұл көрсеткіштің төмендігі жастарымыздың исламның негізгі қағидалары мен құлшылықтарына қатысты білімдерінің жеткіліксіздігін және олардың діннің мәні мен талаптарын толық түсіну қажеттігін көрсетеді. Яғни, қазіргі уақытта жас ұрпақтың ислам діні туралы білімдері мен тәжірибелері әлсіз болып, олар исламның негіздері мен құлшылықтарын терең меңгермеген. Бұл жағдай дінге деген дұрыс көзқарас қалыптастыру мен рухани дамуды ынталандыру үшін қосымша білім беру шараларын қабылдауды талап етеді. Сондықтан, жастардың сенім, құлшылық, сопылық бағыт өкілдері және исламның басқа маңызды аспектілері бойынша тереңірек білім алғаны абзал. Бұл білім оларды тек діни тұрғыда ғана емес, моральдық және рухани тұрғыдан да дамытып, қоғамда ізгілік пен дұрыс мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, жастардың дін туралы білімдерінің тереңдігі олардың рухани өмірлерін жақсартуға, саналы және жауапкершілікті ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік береді [13, 14-15 бб.]. Нархоз университеті студенттері арасында жүргізілген тест-сұрақтарының қорытындысы төмендегі кестелерде көрсетілген.


1-сурет. «Ислам» сөзі қандай мағына білдіреді?




2-сурет. Қазақ жеріндегі сопылық бағыттың негізін қалаған кім?



3-сурет. Пайғамбарымыз (с.а.с.) қай жылы қайтыс болды?




4-сурет. Адамдар сенім тұрғысынан қаншаға бөлінеді?




5-сурет. Оразаның уақыты:




6-сурет. Алланың соңғы елшісіне (с.а.с.) неше жасында пайғамбарлық берілді?



7-сурет. Әлем бойынша ислам дінін ұстанушылар саны?




8-сурет. Ислам діні қай ғасырда пайда болды?




9-сурет. Қазақ даласындағы сопылық бағыт өкілдерін көрсетіңіз?




10-сурет. Ислам тарихында алғаш салынған мешіт қалай аталады?




11-сурет. Құран көрiмдi тұңғыш қазақ тiлiне аударған?




12-сурет. Қажылықтың парыздарының бiрiн көрсетiңiз?




13-сурет. Намаздың парыздарын көрсетiңiз:




14-сурет. Құран қай сүремен басталады?




15-сурет. Орта Азияға (қазақ жеріне) Ислам дінінің келуі қай мемлекет тұсында орын алды?




16-сурет. Әйгілі төрт Халифа кімдер?




17-сурет. Құранда неше сүре және пара (жүз) бар?




18-сурет. Алланың неше есімі бар?



19-сурет. Уақыты кірмей оқылған намаз қалай аталады?



20-сурет. Құран кәрім қай халифаның кезінде кітап болып жиналды?



Жүргізілген сауалнама қорытындысына қарап ҚР жастарының діни сауаттылық деңгейін болжай аламыз. Нархоз университеті студенттері арасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жастардың діни сауаттылық деңгейінің әртүрлілігі анықталды. Берілген 20 сұрақтың 13-іне респонденттердің 50% астамы өте жақсы деген нәтижені көрсеткен, бұл көрсеткіш діни емес оқу орыны жастарының діни сауатын жоғары деп бағалауға негіз бола алады. Дегенмен, кейбір студенттер исламның негізгі қағидаттарын терең түсінсе де, басқалары тек сыртқы аспектілерді ғана біледі немесе діни білімдері шектеулі екенін де мойындайды. Зерттеу жұмысының осындай нәтиже көрсетуінің себебі ретінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен өтетін «Құран Кәрімді жатқа оқу мен жаттау» сынды әртүрлі республикалық жарыстардың жастар арасында ұйымдастырылуы, халыққа түсіндіру жұмыстарын атқарып келе жатқан «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» және де жылдан-жылға жастардың құлшылыққа деген қызығушылығының артып, дінге бет бұруының, ораза ұстаушылар санының жыл сайын өсіп келе жатқандығының негізіндегі нәтижесі деуге болады. Мұндай көрсеткіш Қазақстан жастарының діни білім деңгейі айтарлықтай жақсарғанын және діни мәселелерге деген қызығушылықтың артқанын байқатады.

Осы тұста діни сауаттылықтың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды көрсетуге болады: Біріншіден, жастардың діни білім деңгейі көбінесе олардың отбасылық тәрбиесіне тікелей байланысты. Себебі, діни білім мен құндылықтарды отбасы мен аталар бастапқы деңгейде қалыптастырады. Ислам дінінің негізгі қағидаттары мен этикалық нормаларын үйрену, отбасында қалыптасатын діни тәрбиеге келіп тіреледі. Екіншіден, білім алған ортасына байланысты, өйткені мектептер мен жоғары оқу орындарындағы діни білім беру бағдарламалары да жастардың

діни сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Үшіншіден, жастардың жеке қызығушылықтарына байланысты болады. Қазіргі таңда жастардың көпшілігі діни сұрақтарды әлеуметтік желілер арқылы зерттейді. Әлеуметтік желілер, сайттар мен виртуалды кеңістіктің жастардың қызығушылықтарын арттырып, жастар арасында басымдыққа ие болуда. Сондықтан интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерді дұрыс жағынан қолдана білу керек, бұл ақпараттың дұрыстығы мен сапасына қатысты мәселелерді тағы да туындататыны сөзсіз [14, 69 б.].

Жастардың діни сауаттылығы олардың рухани және әлеуметтік тұрғыда дұрыс қалыптасуы үшін өте маңызды. Исламды дұрыс түсіну және ұстану, сондай-ақ басқа діндер мен сенімдерге деген құрмет жастардың болашақтағы тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы жастардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында кешенді шаралар қажет, бұл қоғамдағы діни төзімділік пен келісімді сақтауға ықпал етеді. Жастар арасында діни сауаттылықты арттыру мақсатында еліміздің барлық аймақтарында жастарға тереңінен діни сауаттылық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе, бабалар жолын ұстанып, тек дін туралы білім мектеп қабырғасымен шектеліп қалмай, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында жалғасын тапқаны дұрыс [15, 15 б.]. Арнайы оқу-әдістемелік құралдар көптеп шығарылса, жастардың діни сауатын арттыратын қызықты, мағыналы қойылымдар мен фильмдер түсіріп оларды театр қабырғасында, телеарналар мен кинотеатрларда тегін көрсетілсе. Исламның қазақ даласына таралуына ықпал еткен әл-Фараби, Шәкәрім, Абай, сынды ұлы тұлғаларымыздың түпнұсқа еңбектерін жаңғыртып, жастарға кеңінен насихаттап, ЖОО орындарында пән ретінде оқытылса тиімді болары сөзсіз. Жастарды сенімді діни ақпаратпен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік желілер мен

медиа платформаларды дұрысынан пайдалану мен ондағы діни ақпараттарды сүзгіден өткізу, сонымен қатар, арнайы курстар, семинарлар мен лекциялар ұйымдастыру. Сондай-ақ елдегі діни саясаттың тұрақтылығы, діни ұйым-дардың жұмысын реттеу мен жастарға арналған діни білім беру бағдарламалары да діни сауаттылыққа әсер етеді. Осылайша, діни сауаттылық деңгейінің өсуі қоғамдағы рухани жаңғырудың бір белгісі ретінде бағалануы мүмкін.

Қорытынды

Қорыта келе, жастардың құндылықтары мен діни сауатын анықтау мақсатында жүргізген зерттеу барысында жастардың көрсеткен белсендігі жоғары. Тест сұрақтарының нәтижесі тарих пен ұлттық сананы, дәстүрлі мәдениет пен құндылықты өз бойына дарыта білгенін көрсетті. Олардың тарихымызды тереңірек білуі, сенім мен құлшылық мәселесіне аса мұқияттылық танытуы, тарихи сананы қалыптастыруда сол жастардың отаншылдық пен ұлттық бірлікті сақтау керектігі жастар үшін таңқы емес. Себебі елдің болашағы мен мемлекеттің кепілі сол жастар екендігін ғасыр перзенттері жақсы білсе керек. Төзімділік пен имандылықтың, әділдіктің, сыпайылық пен парасаттылықтың кепілі ислам діні болса, оның қаншалықты маңызы жоғары екендігін, өмірдің міндетті бөлігіне айнала отырып этникалық мәдениет пен халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап діни ілім ретінде жастардың қабылдағанын аңғарамыз. Жастардың бойында мейірімділік, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету үлгісін қалыптастыру мұсылмандықтың шарты болса, отан сүйгіштік, қоғамдық жауапкершілікті сезіну, басқаның сезімі мен сенімін сыйлау барлығы имандылықтың белгісі болып табылады. Тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ ел болашағын қалыптастыра алады. Адам діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасып, кемелдену құбылысы жүзеге асады. «Бес уақытта 5 намаз. Біреуі қаза болмасақ...» деп жырлаған Бұхар жыраудың 11 тілегінде намазды себепсіз тастау, Аллаға құлшылық жасамау иманға жасалған жойқын бір соққы екенін [16], Абай ілімі бойынша адамның негізгі міндеті – Алла тағалаға құлшылық ету, Құран мен хадистің ұстанымдарына сүйене отырып мұсылманшылықты дәріптеген Ы.Алтынсариннің еңбектерін алға тарта ата-баба жолымен рухани сусындала бергені абзалырақ [17, 63 б.]. Мәңгілік ел болуға ұмтылған мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында. Оның білімі мен рухани-мәдени дамуы, тәрбиесі қай кезде де ең алғаш қаралатын мәселелердің бірі болып қала бермек. Сондықтан да заманға сай жастардың діни білімін арттыру, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бүгінгі күннің басты мәселесі. Әбу Хани-

фа мазһабының жолымен салт-дәстүрді насихаттай берсек, жастардың діни сауаты жоғары деңгейде болса, ата-бабамыздың ұстанған сара жолы өшпек. Дәстүрлі дініміз бен ұлттық мәдениетімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып ұлттық болмысымызды сақтап қаларымыз анық. «Ел боламын десек, бесігімізді түзейік!»

Әдебиеттер тізімі

- 1 Салқынбаева А.М., Мухтарова А.М. Қазіргі жастардың діни сауаттылығы // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №3. – Б. 368-371.
- 2 ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі. Қазақстанда Халықаралық жастар күні атап өтіледі: жыл басынан бері 20 мыңнан астам жастар кәсіби бағдар беру жұмыстарымен қамтылды // [Электронды ресурсы] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/fam/press/news/details/825475> (Қаралған күні: 20.09.2024)
- 3 Байқонысов Е.Р., Утеева К.Қ., Бегім А.Б. Басты міндет – жастардың діни сауаттылығын арттыру // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – 2016. – №1 (5). – Б. 107-111.
- 4 Хусайнова М. Діни сауатсыздық ұлттың тамырына балта шабады. – Жас Алаш. – 2015. – №59/60. – С. 11.
- 5 С. Абжазов, Б. Темірханов. Абайдың отыз сегізінші қара сөзі желісінде діни сауаттылық мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – 2023. – №3 (35). – Б. 28-39
- 6 Бектенова М.К. Феномен исламской идентичности в постсекулярном обществе: казахстанские реалии. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 2017. – С. 13.
- 7 Ғарифолла Е. Елдің ертеңін ұстайтын жас ұрпақ діни сауатты бола тұрып, заманауи білім алуы керек // Жалын. – 2017. – №8. – Б. 109-111.
- 8 Тоғай А. Жастар және дін // [Электронды ресурсы] URL: <https://z-taraz.kz/zhastar-zh-ne-din/> (Қаралған күні: 23.11.2024)
- 9 Масалимова А.Р., Борбасова Қ.М. Жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудағы діннің рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Мәдениеттану сериясы. – 2011. – № 2 (37). – Б. 100-103.
- 10 Нархоз университетінің сайты [Электронды ресурсы] URL: <https://narхоз.edu.kz/> (Қаралған күні: 20.09.2024)
- 11 Смагулов К. Современная религиозная ситуация в Казахстане // Религия и общество. Центральная Азия и Кавказ. – 2011. – №3. – С. 10 – 12.
- 12 Шалабаев Қ.Қ. Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 2020. – Б. 29.
- 13 Тургунбаева К. Жастардың діни сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің басты талабы // Мектеп. Отбасы. Қоғам. – 2015. – №6. – Б. 14-15.
- 14 Тунгатов У.А., Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы 2023, Б. -69.
- 15 Телебаев Г.Т. Ценностные ориентации казахстанцев в религиозной сфере // Глобализация и диалог конфессий в странах Центральной Азии: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы. – 2002. – С. 15.
- 16 Бұхар жыраудың 11 тілегі // [Электронды ресурсы] URL: <https://islam.kz/kk/articles/sozsarasy/buhar-jyraudyn-11-tilegi-3624/#gsc.tab=0/> (Қаралған күні: 26.11.2024)
- 17 Сабырғалиева Н.Б. Қазақстанның батыс

өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 2022. – С. 63.

Transliteration

1 Salqynbaeva A.M., Muhtarova A.M. Qazirgi jastardyn dini sauattylygy [Religious literacy of modern youth] // Iassau universitetinin habarshysy. – 2020. – №3. – S. 21. (in Kaz)

2 QR Madeniet jane aqparat ministriliginin baspasoz qyzmeti. Qazaqstanda Halyqaralyk jastar kuni atap otiledi: jyl basynan beri 20 mynнан astam jastar kasibi bagdar beru jumystarymen qamtyldy // [Jelektrondy resurs] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/fam/press/news/details/825475> (Qaralghan kuni: 20.09.2024). (in Kaz)

3 Baiqonysov E.R., Uteeva K.Q., Begim A.B. Basty mindet – jastardyn dini sauattylygyn arttyru [The main task is to increase the religious literacy of young people]. // QazUU Habarshysy. Dintanu seriasy. – 2016. – №1 (5). – S. 107–111. (in Kaz)

4 Husainova M. Dini sauatsyzdyq ulttyn tamyrına balta shabady [Religious illiteracy destroys the roots of the nation]. – Jas Alash. – 2015. – №59/60. – S. 11. (in Kaz)

5 Abjalov S., Temirhanov B. Abaidyn otyz segizinshi kara sozi jelisinde dini sauattylyq maselesi // QazUU Habarshysy. Dintanu seriasy. – 2023. – №3 (35). – B. 28–39.

6 Bektenova M.K. Fenomen islamskoi identichnosti v postsekulárnom obşestve: kazahstanskii realii [The phenomenon of Islamic identity in a post-secular society: Kazakh realities] Filosofia doktory (PhD) darejesin alu ushin daiyndalghan disertasia. – Almaty. – 2017. – S. 13. (in Russ)

7 Garifolla E., Eldin ertenin ustaityn jas urpaq dini sauatty bola turyp, zamanauı bilim aluy kerek [The young generation, who will hold the future of the country, should be religiously literate and receive modern education] // Jalyń. – 2017. – №8. – S. 109–111. (in Kaz)

8 Togai A. Jastar jane din [Youth and religion] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://z-taraz.kz/zhashtar-zhe-ne-din/> (Qaralghan kuni: 23.11.2023). (in Kaz)

9 Masalimova A.R., Borbasova Q.M. Jastardyn boiında ruhani qundilyqtardy qalyptastyrudagy dinnin roli [The role of religion in the formation of spiritual values in young people] // QazUU Habarshysy. Madeniettanu seriasy. – 2011. – № 2 (37). – S. 100–103. (in Kaz)

10 Narxoz universitetinin saity // [Jelektrondy resurs] URL: <https://narxoz.edu.kz/> (Qaralghan kuni: 20.09.2024). (in Kaz)

11 Smagulov K. Sovremennaiia religioznaia situatsia v Kazahstane [Current religious situation in Kazakhstan] // Religia i obşestvo. Sentralnaia Azia i Kavkaz. – 2011. – №3. – S. 10 – 12. (in Russ)

12 Şalabaev Q.K. Zaiyrly memlekettegi din men dastur sabaghtastygy [Continuity of religion and tradition in a secular state]. Filosofia doktory (PhD) darejesin alu ushin daiyndalghan disertasia. – Almaty. – 2020. – S. 29. (in Kaz)

13 Turgunbaeva K. Jastardyn dini sauattylygyn arttyru – bugingi kunnin basty talaby [Increasing the religious literacy of young people is the main requirement of today] // Mektep. Otbası. Qogam. – 2015. – №6. – S. 14–15. (in Kaz)

14 Tungatova U.A., Kazahstandagy dintanulyq bilim berudin kazirgi jagdaiy jane damu perspektivalary. Filosofia doktory (PhD) darejesin alu ushin daiyndalghan disertasia. – Almaty. – 2023. – B. – 69. (in Kaz)

15 Telebaev G.T. Senostnye orientatsii kazahstansev v religioznoi sfere [Value orientations of Kazakhstanis in the religious sphere] // Globalizatsia i dialog konfessii v stranah Sentralnoi Azii: Materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. – Almaty. – 2002. – S. 15. (in Russ)

16 Buhar jyraudyn 11 tilegi // [Elektrondy resurs] URL: <https://islam.kz/kk/articles/sozsarasy/buhar-jyraudyn-11-tilegi-3624/#gsc.tab=0/> (Qaralghan kun: 26.11.2024), (in Kaz)

17 Sabyrgalieva N.B. Qazaqstannyn batys onirlerindegi dasturli islam okilderinin ruhani agartushylyq qyzmeti (XIX g. ekinshi jartysy – XX g. basy) [Spiritual education activities of representatives of traditional Islam in the western regions of Kazakhstan (second half of the 19th century – beginning of the 20th century)]. Filosofia doktory (PhD) darejesin alu ushin daiyndalghan disertasia. – Almaty. – 2022. – S. 63. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Нұрғұл Құлмырзақұлы
Қабылбаева*

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: nur_2493@mail.ru, ORCID ID 0009-0005-4416-6496

*Азамат Шұтбайұлы
Жамашев*

PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: azamat.jamashev@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5330-9437

*Қалимаш Қапсамарқызы
Бегалинова*

профессор, философия ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: kalima910@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-5575-5142

*Нургуль Кулмырзақұлы
Қабылбаева*

PhD докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: nur_2493@mail.ru, ORCID ID 0009-0005-4416-6496

*Азамат Шутбаевич
Жамашев*

PhD доктор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: azamat.jamashev@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5330-9437

*Калимаш Капсамаровна
Бегалинова*

профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: kalima910@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-5575-5142

Nurgul Kabyrbayeva

PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: nur_2493@mail.ru, ORCID ID 0009-0005-4416-6496

Azamat Zhamashev

PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: azamat.jamashev@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5330-9437

Kalimash Begalinova

Professor, Doctor of Philosophy Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: kalima910@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-5575-5142